

## Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 3 мамырдағы N 47 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 129-V Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 04.07.2013 № 129-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасында сауда-өнеркәсіп палаталарын құруға және олардың қызметіне байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасы ұғымы

1. Сауда-өнеркәсіп палатасы - кәсіпкерлік қызметті дамыту, Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлерінің және (немесе) заңды тұлғаларының, сондай-ақ олардың қауымдастықтарының (одақтарының) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында оларды ерікті негізде біріктіретін, коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі басқаратын ұйым.

2. Сауда-өнеркәсіп палатасы кәсіпкерлік қызметпен бұл қызмет өзінің жарғылық мақсаттарына қаншалықты сай келсе, соншалықты ғана айналыса алады.

3. Сауда-өнеркәсіп палатасы өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты сауда-өнеркәсіп палатасының мүшелері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### 2-бап. Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палаталары туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палаталары туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

### **3-бап. Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп палаталарының жүйесі**

Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп палаталары:

- 1) аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарын;
- 2) Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасын қамтитын сауда-өнеркәсіп палаталарының біртұтас жүйесін құрайды.

### **4-бап. Сауда-өнеркәсіп палаталарының мақсаттары мен міндеттері**

1. Сауда-өнеркәсіп палаталары Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға, оның дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне ықпалдасуына, қазіргі заманғы өнеркәсіп және сауда инфрақұрылымын қалыптастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесу мақсатында құрылады.

2. Сауда-өнеркәсіп палаталарының міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;
- 2) экспортқа бағдарланған, бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытуға жәрдемдесу;

3) Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлері мен заңды тұлғаларына сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың жаңа нысандарын игеруде практикалық көмек көрсету;

4) кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдесу;

5) өздеріне берілген құқықтар шеңберінде жосықсыз бәсекені болғызбауға және оның жолын кесуге шаралар қолдану.

### **5-бап. Сауда-өнеркәсіп палаталары қызметінің принциптері**

Сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметі мына принциптерге:

- 1) еріктілікке;
- 2) сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің тең құқықтылығына;
- 3) тәуелсіздікке;
- 4) кәсіпқойлыққа;
- 5) өзін-өзі қаржыландыруға;
- 6) өзін-өзі басқаруға негізделеді.

## **2-тарау. САУДА-ӨНЕРКӘСІП ПАЛАТАСЫН ҚҰРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **6-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасын құрудың ерекшеліктері**

1. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы кемінде он бес құрылтайшының б а с т а м а с ы б о й ы н ш а құрылады.

2. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында бір аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы құрылуы және жұмыс істеуі мүмкін.

Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы өзі құрылған және жұмыс істеп жатқан облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында құрылымдық бөлімшелер (филиалдар мен өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасын құру, жарғысын қабылдау, басқару органдарын және олардың басшыларын бекіту туралы шешімдер аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталары мүшелерінің Республикалық конференциясында (жиналысында) аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарынан сайланған делегаттар жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде қ а б ы л д а н а д ы .

4. Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдаған жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ережелері көзделген құрылтай шарты сауда-өнеркәсіп палатасының құрылтай құжаттары болып табылады.

5. Сауда-өнеркәсіп палатасын мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **7-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасының атауы және орналасқан жері**

1. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының атауында оның ұйымдық-құқықтық нысанының көрсетілуін, сондай-ақ өзі аумағында құрылған және жұмыс істейтін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың ) а т а у ы н қ а м т и д ы .

2. Осы Заңға сәйкес сауда-өнеркәсіп палатасы нысанында тіркелмеген заңды тұлғаның атауына "сауда-өнеркәсіп палатасы" деген сөздерді немесе "СӨП" деген аббревиатураны енгізуге болмайды.

3. Сауда-өнеркәсіп палатасының орналасқан жері оның алқалы атқарушы органы орналасқан жер болып танылады.

### **8-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасының мүлкі**

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сауда-өнеркәсіп палатасына тиесілі болуы мүмкін емес жекелеген мүлік түрлерін қоспағанда, сауда-өнеркәсіп палатасының меншігінде оның жарғысында көзделген қызметін материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік болуы мүмкін.

2. Мүшелікке кіру және міндетті мүшелік жарналары, кәсіпкерлік қызметтен түскен түсімдер (кірістер), сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де түсімдер аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының мүлкін қалыптастыру көзі болып т а б ы л а д ы .

3. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарының міндетті мүшелік жарналары, көрсетілетін қызметтен түскен түсімдер (кірістер), сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де түсімдер Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының мүлкін қалыптастыру көзі болып табылады.

4. Сауда-өнеркәсіп палатасына өзінің құрылтайшылары (мүшелері) берген мүлік сауда-өнеркәсіп палатасының меншігі болып табылады. Сауда-өнеркәсіп палатасы құрылтайшыларының (мүшелерінің) өздері сауда-өнеркәсіп палатасының меншігіне берген мүлікке құқықтары сақталмайды.

5. Сауда-өнеркәсіп палатасының қаражаты жарғылық қызметті қамтамасыз етуге ғана жұмсалады.

6. Сауда-өнеркәсіп палатасы өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлікпен жауап береді, өз атынан мүлік сатып алып, мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді жүзеге асыруы, сотта талапкер және жауапкер болуы мүмкін.

7. Сауда-өнеркәсіп палатасының мүшелері одан шыққан жағдайда, төленген жарналар қайтарылмайды және сауда-өнеркәсіп палатасы мүлкінің бөлігіне уәждері қабылданбайды.

#### **9-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасын қайта ұйымдастыру және тарату**

Сауда-өнеркәсіп палатасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **3-тарау. САУДА-ӨНЕРКӘСІП ПАЛАТАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІ**

#### **10-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасына мүшелік**

1. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасына Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлерімен заңды тұлғалары, сондай-ақ олардың қауымдастықтары (одақтары) мүше бола алады.

2. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасына аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталары ғана мүше бола алады.

#### **11-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшесінің құқықтары мен міндеттері**

1. Сауда-өнеркәсіп палатасының мүшесі:

1) сауда-өнеркәсіп палатасы тарапының жәрдемін, кәсіби қолдауы мен қорғауын, сондай-ақ сауда-өнеркәсіп палатасының жарғысында көзделген қызметтерді пайдалануға;

2) сауда-өнеркәсіп палатасының органдарына сайлауға және оларға сайлануға

(сайлау үшін кандидатура ұсынуға);

3) сауда-өнеркәсіп палатасына оның қызметі туралы жазбаша сауалдар беруге және одан дәлелді жауаптар алуға, сауда-өнеркәсіп палатасы мен оның органдарының жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Сауда-өнеркәсіп палатасының мүшесі:

1) сауда-өнеркәсіп палатасы жарғысының ережелерін сақтауға;

2) сауда-өнеркәсіп палатасының мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) және оның алқалы атқарушы органының шешімдерін орындауға;

3) міндетті мүшелік жарналар төлеуге міндетті.

3. Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері тең.

4. Сауда-өнеркәсіп палатасы өз мүшелерінің қызметіне араласуға және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға құқылы емес.

#### **12-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасына мүшелікті тоқтату**

1. Сауда-өнеркәсіп палатасының мүшесі сауда-өнеркәсіп палатасынан өз қалауымен шығуға құқылы.

2. Сауда-өнеркәсіп палатасының мүшесі өзіне осы Заңмен және оның жарғысымен жүктелген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да жағдайларда сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) шешімі бойынша сауда-өнеркәсіп палатасынан шығарылуы мүмкін.

3. Сауда-өнеркәсіп палатасының мүшесі сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) шешімі бойынша сауда-өнеркәсіп палатасына қайта қабылдануы мүмкін.

4. Сауда-өнеркәсіп палатасынан шығару жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

### **4-тарау. САУДА-ӨНЕРКӘСІП ПАЛАТАСЫН БАСҚАРУ**

#### **13-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасының басқару органдары**

1. Сауда-өнеркәсіп палатасының басқару органдары:

1) жоғары басқару органы - сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы);

2) алқалы атқарушы орган;

3) бақылау органы (тексеру комиссиясы) болып табылады.

2. Жарғыда көзделген жағдайларда сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын ережелердің негізінде жұмыс істейтін басқа да органдар құрылуы мүмкін.

#### **14-бап. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)**

1. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

2. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) өз мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде шешімдер қабылдауға заңды құқығы бар.

Егер аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысына (конференциясына) қатысқандардың елу проценттен астамы шешімді жақтап дауыс берсе, аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) шешімі қабылданды деп есептеледі.

3. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретіне:

1) жарғыны және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдерді қабылдау;

2) қызметтің басым бағыттарын айқындау;

3) ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері;

4) алқалы атқарушы органның қаржылық есептілікті табыс етуінің тәртібі мен кезеңділігін, бақылау органының (тексеру комиссиясының) тексеру жүргізу тәртібін айқындау, сондай-ақ олардың нәтижелерін бекіту;

5) алқалы атқарушы органды, бақылау органын (тексеру комиссиясын) және олардың басшыларын сайлау;

6) жарғыда көзделген басқа да органдар мен олардың басшыларын сайлау;

7) басқару органдары басшыларының қызметі туралы олардың есептерін тыңдау және бекіту;

8) аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының мүлкіне иелік ету тәртібін белгілеу ;

9) мүшелікке кіру және міндетті мүшелік жарналарының ставкаларын белгілеу ;

10) аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің оның басқару органдары мен олардың басшыларының заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдары мен арыздарын қарау ;

11) аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы басқару органдарының басшыларын мерзімінен бұрын кері шақырту;

12) Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы

жиналысына (конференциясына) аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің арасынан делегаттар сайлау;

13) аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы аралық сот регламентін және оның құрамын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекіту  
ж а т а д ы .

4. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының алқалы атқарушы органы жылына кемінде бір рет шақырады.

5. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының жарғысында олар бойынша шешімдер қабылдау аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

### **15-бап. Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)**

1. Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

2. Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталары мүшелерінің арасынан сайланған делегаттардың жалпы санының кемінде үштен екісі болғанда шешімдер қабылдауға заңды құқығы бар.

Егер аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталары мүшелерінің арасынан жалпы жиналысқа (конференцияға) қатысқан делегаттардың елу проценттен астамы шешімді жақтап дауыс берсе, Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) шешімі қабылданды деп есептеледі.

3. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретіне:

1) жарғыны және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдерді қабылдау;

2) қызметтің басым бағыттарын айқындау;

3) ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері;

4) алқалы атқарушы органның қаржылық есептілікті табыс етуінің тәртібі мен кезеңділігін, бақылау органының (тексеру комиссиясының) тексеру жүргізу тәртібін айқындау, сондай-ақ олардың нәтижелерін бекіту;

5) алқалы атқарушы органды, бақылау органын (тексеру комиссиясын) және олардың басшыларын сайлау;

6) жарғыда көзделген басқа да органдар мен олардың басшыларын сайлау;

7) басқару органдары басшыларының қызметі туралы олардың есептерін  
т ы ң д а у ж әне б е к і т у ;

8) Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының мүлкіне иелік ету  
т ә р т і б і н б е л г і л е у ;

9) міндетті мүшелік жарналар ставкаларын белгілеу;

10) Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің оның  
басқару органдары мен басшыларының заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдары мен  
а р ы з д а р ы н қ а р а у ;

11) Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы басқару  
органдарының басшыларын мерзімінен бұрын кері шақырту;

12) Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы  
аралық сот регламентін және оның құрамын Қазақстан Республикасының  
заңнамасына сәйкес бекіту жатады.

4. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің  
жалпы жиналысын (конференциясын) Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп  
палатасының алқалы атқарушы органы жылына кемінде бір рет шақырады.

5. Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының жарғысында олар  
бойынша шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп  
палатасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша  
құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

#### **16-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасының алқалы атқарушы органы**

1. Сауда-өнеркәсіп палатасының алқалы атқарушы органы жасырын дауыс  
беру арқылы сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелері жалпы жиналысының (   
конференциясының) көпшілік даусымен төрт жыл мерзімге сайланады.

2. Сауда-өнеркәсіп палатасының алқалы атқарушы органы:

1) кәсіпкерлердің мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылын  
ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүргізеді;

2) сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)  
шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) сауда-өнеркәсіп палатасының мүшелігіне қабылдайды;

4) экономиканың әртүрлі салаларында кадрлар даярлауды, қайта даярлауды  
және олардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5) жарғыда және сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысында  
(конференциясында) айқындалған тәртіппен сауда-өнеркәсіп палатасының  
м ү л к і н е и е л і к е т е д і ;

6) бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілікті жүргізуді, алғашқы статистикалық  
деректерді қалыптастыруды және іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастырады;

7) сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелері жалпы жиналысының (



конференциясының) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, сауда-өнеркәсіп палатасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

**Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

### **17-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасының бақылау органы (тексеру комиссиясы)**

1. Сауда-өнеркәсіп палатасының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін сауда-өнеркәсіп палатасының саны үш мүшеден кем емес бақылау органы (тексеру комиссиясы) құрылады.

2. Сауда-өнеркәсіп палатасы бақылау органының (тексеру комиссиясының) мүшелері алқалы атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

3. Сауда-өнеркәсіп палатасының бақылау органы (тексеру комиссиясы) сауда-өнеркәсіп палатасы мүшелерінің жалпы жиналысына (конференциясына) тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

## **5-тарау. САУДА-ӨНЕРКӘСІП ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

### **18-бап. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы**

1. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы өз қызметін осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және оның құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы:

1) қазақстандық ұйымдар мен кәсіпкерлерге озық технологияларды игеруде жәрдемдеседі;

2) кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметін дамытуға жәрдемдеседі, қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің дүниежүзілік нарыққа шығуы үшін халықаралық маркетингті және жарнамалық қолдауды жүзеге асырады;

2-1) тауардың шығарылуы туралы сертификат бланкісінің түпнұсқасын және оның көшірмелерін дайындаумен байланысты шығыстарға ақы төлеуді қоспағанда, тауардың шығарылуы туралы сертификатты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ақысыз негізде береді;

2-2) тауардың шығарылуы туралы сертификаттың көшірмесін және техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттарды тауардың шығарылуы туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде үш жыл сақтайды;

2-3) кем дегенде жылына бір рет кеден ісі саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға тауарлардың шығарылуы туралы сертификаттарды куәландыруға уәкілетті тұлғалардың мөрлері бедерлерінің,

қолдарының үлгілерін, сондай-ақ аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарының мекенжайларын жібереді;

2-4) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға тауардың шығарылуы туралы берілген сертификаттар бойынша ақпаратты тоқсан сайында табыс етеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық қызмет мәселелері бойынша ақпараттық, бағалау, брокерлік, маркетингілік, жарнамалық, аудармашылық, сондай-ақ консалтингілік қызметтер көрсетеді;

4) экономика, сыртқы экономикалық байланыстар саласында, сондай-ақ кәсіпкерлердің заңды мүдделерін қозғайтын басқа да мәселелер бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына тәуелсіз сараптаманы жүзеге асырады;

4-1) тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сараптаманы қоспағанда, тауарларға тәуелсіз сараптамаларды жүзеге асырады;

5) кәсіпкерлік қызметті және сауда-өнеркәсіп палатасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімді баспа басылымдарын шығаруды жүзеге асырады және интернет-ресурстар құрады;

6) қаржы-экономикалық жағдайы кәсіпкерлік қызмет үшін әріптестер ретінде өздерінің сенімділік деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлері мен заңды тұлғаларының, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың аталған тұлғалардың келісімі бойынша жасалған тізілімін жүргізеді;

7) барлық елдердің экспорт-импортты реттеу мәселелері жөніндегі заңнамасы, өткізілетін жәрмеңкелер, көрмелер, халықаралық тауар айналымы және төлемдер, халықаралық сауда және ішкі шаруашылық қызметке байланысты басқа да мәселелердің жайы туралы өз мүшелеріне ақпарат жинауды, талдауды және беруді жүзеге асырады;

8) өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды және жергілікті мемлекеттік басқару органдарында, соттарда және өзге де ұйымдарда олардың мүдделерін білдіреді;

9) экономиканың әртүрлі салаларында кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

10) көрмелер, жәрмеңкелер, семинарлар және конференциялар өткізуді ұйымдастырады;

11) Қазақстан Республикасының сыртқы сауда мәмілелері мен халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес еңсерілмейтін күштің мән-жайын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында танылған сауда және порт салт-дәстүрлерін

к у ә л а н д ы р а д ы ;

12) экономикалық дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы жанынан а р а л ы қ с о т қ ұ р а д ы ;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және өзінің жарғылық мақсаттарына сай келетін өзге де қызметті жүзеге асырады.

3. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының өз құзыреті шегінде берген құжаттары Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында танылады.

**Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 178-IV, 2009.07.11 . N 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **18-1-бап. Тауардың шығарылуы туралы сертификат**

1. Тауардың шығарылуы туралы сертификат Қазақстан Республикасында өндірілген және Қазақстан Республикасынан экспортталатын, Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауарларға беріледі.

2. Тауардың шығарылуы туралы сертификатты аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы мынадай құжаттардың:

1) тауардың шығарылуы туралы сертификатты беру туралы жеке немесе заңды тұлғаның өтінішінің;

2) тауардың шығарылуы туралы сараптама актісінің;

3) техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттардың негізінде береді.

3. Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабында көзделген, Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауарларға тауардың шығарылуы туралы сертификат осы баптың 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың негізінде беріледі.

4. Тауардың шығарылуы туралы сертификат үш дана етіп ресімделеді. Сертификаттың түпнұсқасы мен бір көшірмесі өтініш иесіне беріледі, ал екінші көшірмесі тауардың шығарылуы туралы сертификатты берген аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасында сақталады.

Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың қолданылу мерзімі оның берілген күнінен бастап он екі айды құрайды.

5. Тауардың шығарылуы туралы сертификат, егер онда тазартылған, түзетілген жерлері, расталмаған түзетулері болса, қажетті қолдары және (немесе) мөрлері болмаса, жарамсыз деп есептеледі.

6. Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың ресімделуі және куәландырылуы, тауардың шығарылуы туралы сараптама актісінің жасалуы мен берілуі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

7. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасының тауар туралы деректері бұрмаланған және (немесе) дәйексіз болған тауардың шығарылуы туралы сертификатты беруіне тыйым салынады.

8. Аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы тиісті түрде ресімделген тауардың шығарылуы туралы сараптама актісі және техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттар табыс етілген жағдайда тауардың шығарылуы туралы сертификатты беруден бас тартуға құқылы емес.

**Ескерту. 5-тарау 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.11 N 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **18-2-бап. Тауардың шығарылуы туралы сертификатты беру мерзімі және оны беруден бас тарту**

1. Тауардың шығарылуы туралы сертификатты немесе оны беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді шешімді беру мерзімі өтініш аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасында тіркелген күннен бастап бір жұмыс күнінен, ал кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген жағдайларда екі жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2. Тауардың шығарылуы туралы сертификатты беруден:

1) тауардың шығарылуы туралы сараптаманың тиісінше ресімделмеген актісі табыс етілген және (немесе)

2) техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттар табыс етілмеген жағдайларда бас тартылуға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайда аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасы кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген, Қазақстан Республикасында толық өндірілген тауарлар бойынша тауардың шығарылуы туралы сертификат беруден бас тартуға тиіс.

**Ескерту. 5-тарау 18-2-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.11. N 184-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **19-бап. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы**

1. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы өз қызметін осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзінің құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы:

1) аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметін үйлестіруді жүзеге

а с ы р а д ы ;

2) шет елдерде өз өкілдіктерін құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

3) шетелдік әріптестік ұйымдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес, аралас сауда-өнеркәсіп палаталарын, іскерлік кеңестер құрады;

4) өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарында, соттарда және өзге де ұйымдарда олардың мүдделерін білдіреді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

6) қаржы-экономикалық жағдайы кәсіпкерлік қызмет үшін әріптестер ретінде өздерінің сенімділік деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлері мен заңды тұлғаларының, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың аталған тұлғалардың келісімі бойынша жасалатын тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды;

7) Қазақстан Республикасының сыртқы сауда мәмілелері мен халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес еңсерілмейтін күштің мән-жайын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында танылған сауда және порт салт-дәстүрлерін к у ә л а н д ы р а д ы ;

8) экономикалық дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы жанынан аралық сот құрады;

9) тауардың шығарылуы туралы сертификат бланкілерінің техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен бланкілер нысандарына сәйкес дайындалуын жүзеге асырады;

10) тауардың шығарылуы туралы сертификат бланкілерін беру, сақтау және пайдалану тәртібін айқындайды және аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарының тауардың шығарылуы туралы сертификат бланкілерін беруін, сақтауын және пайдалануын бақылауды жүзеге асырады;

11) жылына бір рет техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға тауарлардың шығарылуы туралы сертификаттарды куәландыруға уәкілетті тұлғалардың мөрлері бедерлерінің, қолдарының үлгілерін, сондай-ақ аумақтық сауда-өнеркәсіп палаталарының м е к е н ж а й л а р ы н ж і б е р е д і ;

12) Қазақстан Республикасында өткізілетін халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелердің, өткізілетін ұлттық және өңірлік көрмелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын шет елдердегі халықаралық көрмелердің т і з і л і м і н ж ү р г і з е д і ;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және оның

жарғылық қызметінің мақсаттарына сай келетін өзге де қызметті жүзеге асырады

3. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға өз қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпарат береді.

**Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.11. N 184-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.**

### **20-бап. Сауда-өнеркәсіп палатасының халықаралық байланыстары**

1. Сауда-өнеркәсіп палаталары өздерінің жарғыларына сәйкес:

1) сауда-өнеркәсіп палаталарының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шетелдік және халықаралық ұйымдармен тікелей халықаралық қ а т ы н а с т а р о р н а т у ғ а ;

2) тиісті келісімдер жасасуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы тиісті халықаралық ұйымдарда өз мүшелерінің мүдделерін білдіреді.

### **21-бап. Мемлекет және сауда-өнеркәсіп палаталары**

1. Сауда-өнеркәсіп палаталары кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау мақсатында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Сауда-өнеркәсіп палаталары мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жұмыстар орындауға және қызметтер көрсету үшін шарттар жасасуға құқылы.

3. Мемлекеттік органдар сауда-өнеркәсіп палаталарының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты сауда-өнеркәсіп палаталары да мемлекеттік органдардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметіне заңсыз араласуына, сол сияқты сауда-өнеркәсіп палаталарының да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметіне заңсыз араласуына жол берілмейді.

5. Мемлекеттік органдар сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

### **22-бап. Сауда-өнеркәсіп палаталарының үйлестіру кеңесі**

1. Қазақстан Республикасында сауда-өнеркәсіп палаталарының жүйесін дамыту мақсатында консультациялық-кеңесші орган - Сауда-өнеркәсіп палаталарының үйлестіру кеңесі құрылады.

2. Сауда-өнеркәсіп палаталары үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасындағы сауда-өнеркәсіп палаталарының мүшелеріне кәсіпкерлік қызмет бойынша жәрдем көрсету және ұсынымдар әзірлеу болып

т а б ы л а д ы .

3. Сауда-өнеркәсіп палаталары үйлестіру кеңесінің құрамына өкілді және атқарушы органдардың өкілдері, сауда-өнеркәсіп палаталарының мүшелері кіруі мүмкін.

**23-бап. Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палаталары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палаталары туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

**6-тарау. ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**24-бап. Өтпелі ережелер**

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін, өз атауларында "сауда-өнеркәсіп палатасы" деген сөздерді және "СӨП" деген аббревиатураны пайдаланып тіркелген заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркелуге тиіс.

**25-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*